

2024 жылғы 04 қаңтардағы  
педагогикалық кеңес отырысының  
№ 3 хаттамасынан үзінді

**Қатысқандар:**

1. Габдуллина Г.С.
2. Калиева А.Т.
3. Старовойтова А.В.
4. Габдулина Н.Г.
5. Куанышбекова А.Ш.
6. Куанышбекова И.Б.
7. Куанышбекова К.Б.
8. Касым Б.К.

**Күн тәртібі**

- 1.Баяндама: «XXI ғасыр – жаһандану заманындағы білім беру трендтері.
2. №2 педкеңес шешімдерінің орындалуы.
3. Тоқсан қорытындысы бойынша сынып жетекшілер есебі.
4. Оқу-тәрбие жұмысы бойынша аралық мониторинг қорытындысы.
5. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындаға 20 минуттық кітап оқу қорытындысымен танысу.
6. МКҚ жетекшілерінің жұмыстары бойынша презентацияларымен танысу.
7. Оқушылардың қысқы демалыстарын тиімді ұйымдастыру іс-шараларын бекіту.
- 8.Элективті курстың жүргізілу сапасы.
- 9.Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою жұмыстарының мазмұны.
- 10.3-ші сынып оқушыларының ОЖСБ-ға дайындықтары бойынша сынып жетекшісін тыңдау.
- 11.«Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымындағы құмар ойындар мен компьютерлік ойындардан сақтандыруды жүзеге асыру туралы есебін тыңдау
- 12.Мектептің өзін-өзі бағалауы және аттестациядан өткізуі туралы құжаттармен таныстыру және өзін-өзі бағалау комиссиясын құру.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

10. Мектептің өзін-өзі бағалауы және аттестациядан өткізуі туралы құжаттармен таныстыру және өзін-өзі бағалау комиссиясын құру..

**СӨЙЛЕДІ:**

**Габдуллина Г.С. – мектеп директорының міндетін атқарушысы**

Мектеп директорының міндетін атқарушысы сөз сөйлеп, мемлекеттік аттестаттаудың негізгі ережелерімен педагогтерді таныстырып өтті.

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау "Білім туралы" ҚР Заңының және "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының негізінде жүргізіледі.

2."Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес білім беру ұйымдарын жыл сайынғы бағалау білім беру ұйымдарында оқу нәтижелерін бағалау рәсімінсіз жүргізіледі, бұл ретте бағаланатын кезең білім

алушылардың қорытынды аттестаттауын ескере отырып, толық оқу жылы болып табылады;

3. Мемлекеттік аттестаттаудың алдындағы білім беру ұйымдарын бағалау білім беру ұйымдарында оқыту нәтижелерін бағалау рәсімін қолдана отырып жүргізіледі, бұл ретте мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын алдыңғы екі оқу жылы және ағымдағы оқу жылы бағаланатын кезең болып табылады.

Оқу нәтижелеріне ескере отырып, бастауыш және негізгі орта білім беру мазмұнына критерийлер:

1. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) және үлгілік оқу жоспарымен бекітілген жұмыс оқу жоспарының, білім беру ұйымының басшысы бекіткен сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарының болуы және сәйкестігі Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2021 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім (бұдан әрі-ТБТ);

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі - ББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

3. Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен Таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

4. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

5. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);

6. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру;

7. ТООБ сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компонентті таңдау және таңдау курстарын жүзеге асыру;

8. "Жол қозғалысы ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру;

10. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, рухани білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі-біліктілік талаптары) сақтау №30721 актілер).

Білім алушылардың дайындық деңгейіне критерийлер:

1. ББ үлгілік оқу бағдарламаларына және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес білім берудің тиісті деңгейіндегі әрбір білім беру саласы ( және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері) құқықтық актілер №29031);

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде №13137 болып тіркелген) бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

3. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде №29031 болып тіркелген) бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (дамудың және әлеуметтік бейімделудің бұзылуын түзету);

4. 3- сынып оқушыларының тиісті деңгейдегі мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген оқытудың және білім беретін оқу бағдарламаларын игерудің күтілетін нәтижелерінің жетістіктерін айқындау бойынша оқыту нәтижелерін бағалау

#### **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

10.1. Мектеп ұжымы білім беру ұйымының өзін - өзі бағалау және мемлекеттік аттестаттау туралы Ережесімен танысты деп есептелсін

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

11. Мемлекеттік аттестаттау шеңберінде өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссияның құрамын бекіту

#### **СӨЙЛЕДІ:**

**Габдуллина Г.С. – мектеп директорының міндетін атқарушысы**

Осы сұрақ бойынша мектеп директоры сөз сөйледі, ол мемлекеттік аттестаттау шеңберінде өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссияның құрамы туралы хабарлады:

1.Габдуллина Гульшехизада Сапарғалиевна - комиссия төрайымы , мектеп директорының міндетін атқарушысы

2.Куанышбекова Алмагуль Шертаевна – әдістемелік бірлестік жетекшісі

3. Старовойтова Александра Викторовна - тәрбие жөніндегі жетекшісі

4. Куанышбекова Иркаша Баянбековна – мектеп психологы

5. Калиева Асемгуль Тлековна- бастауыш сынып мұғалімі

#### **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

11. Мемлекеттік аттестаттау шеңберінде өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссияның құрамы бекітілсін

#### **Педагогикалық кеңес бойынша Қаулы ЕТТІ:**

10.1. Мектеп ұжымы білім беру ұйымының өзін - өзі бағалау және мемлекеттік аттестаттау туралы Ережемен танысты деп есептелсін

11. Мемлекеттік аттестаттау шеңберінде өзін-өзі бағалау жөніндегі комиссияның құрамы бекітілсін

**Дауыс берді:" қолдады " - барлығы**

Педагогикалық кеңестің төрайымы:  
Хатшы:

Г.Габдулина  
Н.Габдулина